

**«Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
мектепшілік ата-аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №1**

Ата-аналар жиналысының тақырыбы:

«Отбасы мен мектеп ынтымақтастығы».

Өткізу күні: 15 қыркүйек 2023 жыл

Өткізу уақыты: 17:00

Өтетін жері: Акт залы

Мақсаты:

Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.

Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

Міндеті:

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-ананың жауапкершілігі.

Мектепте ата-ананың оқу-тәрбие саласындағы рөлі.

Алдағы уақытта оқушыларды тәрбиелеуде мұғалім мен ата-ананың бірігіп жұмыс жасауы.

Қатысушылар: 1-11 сынып ата-аналары (балалардың заңды өкілдері).

Ата-аналар жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар:

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- Досмагамбетова Сауле Амангельдиновна
2. Ата-аналарды білім беру үдерісіндегі өзгерістермен, оның ішінде білім беру ұйымының жергілікті актілерімен таныстыру - Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- Досмагамбетова Сауле Амангельдиновна
3. Жол қозғалысы қауіпсіздігі ережелері, өрт қауіпсіздігі ережелері және мектеп пен оқушылардың жалпы қауіпсіздік мәселелері туралы – директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары -Уралбекова Анар Рамазановна
4. Мектеп оқушыларының «Жалпыға бірдей оқыту қорының есебінен тамақтануы және оқушылардың үйірмелерге қатысулары туралы - директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары -Уралбекова Анар Рамазановна
5. Мектепшілік ата-аналар комитетін таңдау туралы –сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі –Ермұрат Ерке
6. Әр-түрлі сұрақтар

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары –Досмагамбетова Сауле Амангельдиновна ата-аналарға 2023 жылдың қорытындысы бойынша ҰБТ

нәтижелері туралы айтты. 11 сыныпты 8 оқушы аяқтап, барлығы да ЖОО түскені туралы баяндады.

2. Екінші сұрақ бойынша Ата-аналарды білім беру үдерісіндегі өзгерістермен, оның ішінде білім беру ұйымының жергілікті актілерімен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- Досмагамбетова Сауле Амангельдиновна слайд арқылы таныстырып жеткізді.
3. Үшінші сұрақ бойынша «Жол қозғалысы қауіпсіздігі ережелері», «Түнгі уақытта балалардың жүруі» және мектеп пен оқушылардың жалпы қауіпсіздік мәселелері туралы –Қорғалжын аудандық ІІПБ полиция қызметкері Е.Асанбаев ата-аналарға әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңдармен таныстырды.
4. Төртінші мәселе бойынша Мектеп оқушыларының «Жалпыға бірдей оқыту қорының есебінен тамақтануы және оқушылардың үйірмелерге қатысулары туралы -директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары -Уралбекова Анар Рамазановна өз баяндамасында Жалпыға бірдей оқыту қорының есебінен 1-11 сыныптардың 176 оқушысы тамақтанатыны және мектеп бойынша 196 оқушы қосымша үйірмелерге қатысатыны туралы айтты.
5. Бесінші сұрақ бойынша, сынып жетекшілер әдістемелік бірлестігінің жетекшісі –Ермұрат Ерке Мектепішілік ата-аналар комитетін таңдау туралы ата-аналармен мектепішілік ата-аналар комитетін және 3 көмекшісін жалпы дауыс беру арқылы таңдады.

Шешімі:

Мектепішілік ата-аналар жиналысының төрағасы болып, Сейтжанова Айнұр және оның көмекшілері Абдрахманова Қарлығаш, Нұржанова Анар, Абиқенова Гүлден тағайындалсын

Хатшы:  А.Уралбекова

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы «Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ бойынша мектеп оқушыларымен профилактикалық жиналыстың хаттамасы

Хаттама № 2

03.04.2024 ж

Қатысушылар:

Аудан прокуратурасының прокурорының көмекшісі: Берғалиұлы Қазбекби

Полиция бөлімінің жасөспірімдер жөніндегі инспекторы: Саден Айтолқын Төлеутайқызы

Білім бөлімінің тәрбие әдіскері: Тұрсынова Асем Алдабергенқызы.

Мектеп әкімшілігі: Мектеп директоры С.Абдикаримова, директордың тәрбие жұмысының орынбасары А.Уралбекова.

Күн тәртібінде:

1. «Бопсалау, есірткі препараттарын қолдану және тарату, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы зорлық-зомбылық қылмыстары үшін жауапкершілік мәселесі» бойынша - Аудан прокуратурасының прокуроры: Берғалиұлы Қазбекби баяндайды
2. «Жасөспірімдер арасындағы ерте жүктіліктің, суицидтің құқықбұзушылықтың, қылмыстық істің, кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің түнгі уақытта жүрмеуін, заң бұзушылықтың алдын алу» - Полиция бөлімінің жасөспірімдер жөніндегі инспекторы: Саден Айтолқын Төлеутайқызы
3. «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, бопсалаудың алдын алу бойынша» - Білім бөлімінің тәрбие әдіскері: Тұрсынова Асем Алдабергенқызы
4. Әр түрлі мәселелер

Қаралды: Бірінші мәселе бойынша Аудан прокуратурасының прокурорының көмекшісі: Берғалиұлы Қазбекби, Заң тарапынан жауапкершіліктің түсінігі бойынша өз баяндамасын оқып, тақырыпты презентациясын ұсынды. «Бопсалау, есірткі препараттарын қолдану және тарату, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы зорлық-зомбылық қылмыстары үшін жауапкершілік мәселесі» туралы заңдармен таныстырды. Оқушылардың қойған сұрақтарына жауап берді.

Екінші мәселе бойынша Полиция бөлімінің жасөспірімдер жөніндегі инспекторы: Саден Айтолқын Төлеутайқызы өз баяндамасында кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің түнгі уақытта жүрмеуін, заң бұзушылықтың алдын алу тақырыптарында мектепішілік ата-аналар жиналыстарында және мектеп оқушыларымен кездесулерде үгіт - насихат жұмыстарын үнемі

жүргізетіні және жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың болдырмауы туралы айтты.

Үшінші мәселе бойынша Аудандық білім бөлімінің тәрбие ісі жөніндегі әдіскері А.Тұрсынова «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, бопсалаудың алдын алу бойынша» өз баяндамасын оқыды. Жоғарғы сынып оқушыларына жалпы тәртіп бойынша түсініктеме берді. Оқушылардан өздерінің қоғамдық орындарда жүріп-тұруына, сөйлеу мәдениетіне баса назар аударуды талап етті.

Шешімі:

1. Оқушылардың сапалы білім, саналы тәрбие алуына көңіл бөлінсін.
2. Ата-аналар қауымдастығымен жұмысты нығайтып, бала тәрбиесіне ерекше назарда ұстауын күшейту.
3. Жасөспірімдердің түнгі уақытта жүрмеулері қадағалансын.

Хатшы:



А.Уралбекова

**«Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
мектепшілік ата-аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №3**

Ата-аналар жиналысының тақырыбы:

«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, суицидтің, қылмыстық істің, заң бұзушылықтың, буллинг және кибербуллингтің алдын алу»

Өткізу күні: 25 қаңтар 2024 жыл

Өткізу уақыты: 17:00

Өтетін жері: 27 кабинет

Мақсаты:

Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.

Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

Міндеті:

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-ананың жауапкершілігі.

Мектепте ата-ананың оқу-тәрбие саласындағы рөлі.

Алдағы уақытта оқушыларды тәрбиелеуде мұғалім мен ата-ананың бірігіп жұмыс жасауы.

Қатысушылар: 1-11 сынып ата-аналары (балалардың заңды өкілдері).

Ата-аналар жиналысының күн тәртібіндегі сұрақтар:

Күн тәртібінде:


1. **«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, суицидтің, қылмыстық істің, заң бұзушылықтың, буллинг және кибербуллингтің алдын алу» - Аудандық білім бөлімінің тәрбие жөніндегі әдіскері: Тұрсынова Асем Алдабергенқызы**
2. **Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша аудан көлеміндегі профилактикалық жұмыстар туралы баяндама- Аудандық ІІБ полиция қызметкері, кәмелетке толмаған істері жөніндегі лейтенанты Саден Айтолқын Төлеутайқызы**
3. **«Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» - мектеп психологы- Ахметова Гүлім Жүрсінқызы**
4. **Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» -7 «А» сынып жетекшісі Диханбаева Сауле Амангельдиевна**
5. **Мектептегі зорлық-зомбылықпен қалай күресу керек? 8 «А» сынып жетекшісі Касенова Гульназ Жанатқызы**
6. Әр-түрлі сұрақтар

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша Аудандық білім бөлімінің тәрбие жөніндегі әдіскері: Тұрсынова Асем Алдабергенқызы «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, суицидтің, қылмыстық істің, заң бұзушылықтың, буллинг және кибербуллингтің алдын алу» тақырыптары бойынша өз баяндамасын оқып, мысал ретінде Ресейдің, кең көлемде таралып, көп қаралым жинаған криминалдық киносы «Слово пацана, кровь на асфальте» фильмінің үзінділерін ата-аналарға ұсынды.
2. Екінші сұрақ бойынша Аудандық ІІБ полиция қызметкері, кәмелетке толмаған істері жөніндегі лейтенанты Саден Айтолқын Төлеутайқызы «Құқықбұзушылықтың алдын алу» бойынша аудан көлеміндегі жасөспірімдермен атқарылып жатқан жедел профилактикалық жұмыстар туралы мәлімет беріп, тақырыпты слайд көрсетті. Сондай-ақ ата-аналарға кәмелет жасқа толмаған балаларын түнгі уақытта сағат 23.00-ден таңғы 06.00 аралығында заңды өкілдерінің қарауынсыз көшеде жүрмеулерін ескертіп, айыппұл мөлшерін айтты.
3. Мектеп психологы: Ахметова Гүлім Жүрсінқызы «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында
4. Төртінші мәселе бойынша «Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында 7 «А» сынып жетекшісі Диханбаева Сауле Амангельдиевна баяндады. Құқықбұзушылық кезінде кездесетін жағдаяттарды өз сыныбын мысал ретінде келтіріп, ата-аналарға бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға шақырды.
5. Бесінші сұрақ бойынша «Мектептегі зорлық-зомбылықпен қалай күресу керек?» тақырыбында 8 «А» сынып жетекшісі Касенова Гульназ Жанатқызы баяндады.
6. Әр-түрлі сұрақтар бойынша: мектептің ата-аналарының Мектептің жылу жүйесі бойынша қойылған сұрақтарына мектеп директоры жауап берді: мектептің жылу жүйесін жасап, мектептің жылы кабинеттеріне балаларды көшіріп, отырғыздық. Мектептің бу қазандығы мектептің барлық аумағын жылытуға күші жетпейтіндігін айтты. Алдағы уақытта екі жылу пештерін алу жоспарланған деп өз сөзін аяқтады.

Шешімі:

1. Мектепшілік ата-аналар қауымдастығының «Қамқоршылық кеңесі» құрамының мүшелеріне өзгерістер енгізілсін.
2. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз оқушыларды тәрбиелеу.
3. «Даналық мектебі» бағыттарымен жұмысты күшейту

Хатшы:  А.Уралбекова

**Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша
«Теріс пиғылды діни ағымдардың идеологиясына қарсы тұру, діни-
құқықтық сауаттылықты арттыру» тақырыбындағы мектепшілік ата-
аналар комитетінің және жоғарғы сынып оқушылар отырысының
Хаттама №4**

Өткізу күні: 21 мамыр 2024 жыл
Өткізу уақыты: 12:00
Өтетін орны: 27 кабинет

Қатысқандар: Қорғалжын ауданының Жастар ресурстық орталығының теолог
маманы Жумабаев Жандос Нурхалиұлы
Мектеп ұстаздары 4 адам
Ата-аналар: 2
6 адам
Оқушылар: 40 оқушы

Күн тәртібінде:

1. «Теріс пиғылды діни ағымдардың идеологиясына қарсы тұру, діни-
құқықтық сауаттылықты арттыру»
Тыңдалды:

Шешім: «Теріс пиғылды діни ағымдардың идеологиясына қарсы тұру, діни-
құқықтық сауаттылықты арттыру»
және «Терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу» мақсатында
ұйымдастырылып жатқан шараларға белесене қатысып оқушыларға мағұлмат
беріп отыру.

Хатшы:  А.Уралбекова